

Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектебінің 2020-2021 оқу жылындағы мектеп психологтарының жылдық жұмыс жоспарының есебі.

Психологиялық қызмет жұмысының негізгі бағыты және мазмұны:

1. Психодиагностикалық бағыт
2. Консультациялық бағыт
3. Ағартушылық-профилактикалық бағыт
4. Түзету-дамытушылық бағыт
5. Әлеуметтік-диспечерлік бағыт



1.Психодиагностикалық бағыт

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау. Жануарлар мектебі(проективті тест). Оқушылардың мектепке бейімделу дағдысын анықтау. Балалардың оқушы позициясы қалыптасқан және мектептегі міндеттеріне толықтай бағынады. Оқу іс-әрекетінің бейнеленуі бойынша, мектептегі оқу жақтары қызықтырады. Қорытынды интерпретациясы б-ша оқушы позициясы қалыптасқан оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізілді. Танымдық қабілеттерін анықтау

- «10 фигура» әдістемесі
(2 сынып жұмыс дәптері)

Логикалық ойлауды диагностикалау «Равен матрицасы» әдістемесі (Ф.Бизақова).

Оқушылардың танымдық қабілеттерін анықтау, 1-4 сынып. Тест, тренинг жаттығулар. Көрнекі-бейнелік ойлауды бағалау. Логикалық ойлауды дамыту. Берілген тапсырмаларды оқушылар мұқият және жақсы орындап шықты. Логикалық ойлау қабілеттері қалыпты. Ұпайлары төмен оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізілді. Социометрия Тест. Дж.Морено Сыныптың өзара қарым-қатынасын, лидер мен оқшау қалған оқушыны анықтау. Даму мүмкіндігі шектеулі оқушылар. Сынып ішіндегі қарым-қатынасты анықтау, кімнің беделі жоғары, ал кімнің төмен екендігін білуге мүмкіндік береді. Соған орай, әр оқушымен беделіне қарай жұмыс жасау. Керн - Йирасек сауалнамасы. Жалпы дамуын анықтап, психологиялық дайындығын анықтау. 1 сынып оқушылары. Оқушылардың мектепке дайындық деңгейі орта деңгейде.



2.Консультациялық бағыт

Психологиялық кеңес беру жұмысы. Жеке кеңес. Мектеп ішінде жайлы, жақсы психологиялық климат жасауға көңіл аудару, мәселелер бойынша кеңес ұйымдастыру. МАД оқушысымен жеке жұмыс. Оқушылардың тәртібін дұрыстау, сабақ үлгерімін жақсарту. Сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ете отырып, шығармашылықпен ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. 1 сынып ата-аналарымен кеңес беру жұмыстары. Топтық, жеке кеңес әңгіме, сұхбат, баяндама. «Балаға айтуға болмайтын

10 сөз». «1 сынып оқушысының психологиялық ерекшеліктері». Мектепке оқушылардың бейімділігін диагностикалау мақсатында бейімділігі төмен оқушылардың ата-аналарымен топтық сұхбат, кеңес беріліп, ұсыныстар айтылды.



3. Ағартушылық-профилактикалық бағыт

Танысу тренингі. Тренинг. Оқушылармен танысу мақсатында. МАД. Балалармен психоэмоционалдық қарым-қатынас орнату. Мектепке бейімделуіне психологиялық көмек. Жаттығулар. Қолды жаттықтыру. «Сергіту жаттығулары», «Жұптарды ауыстыру». Оқушылардың ішкі жан дүниесін ашуға және өзін еркін сезіне алуға үйрету. Даму мүмкіндігі шектеулі оқушылар. Видеоролик, Жадынама, Кеңес беру. Ата-аналарға қашықтықтан оқыту кезінде психологиялық қолдау көрсету. 1,2 сынып оқушыларының ата-аналары. Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы-отбасы. Сондықтан ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануға бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. Ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайында түсіндіру.



Ата-аналарға қашықтықтан оқыту кезінде психологиялық көмек.

4. Түзету – дамытушылық бағыт

«Есінде қалғанның суретін сал», «Не артық» әдістемесі. Сауалнама. Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Мектеп психологы жұмыс кітабы, бастауыш мектеп. (№1, 110 бет). Тәрбиеленушілердің логикалық ойлауын дамыту. Мектеп психологы жұмыс кітабы, бастауыш мектеп. (№1, 114-115 бет). МАД. Балалардың есте сақтау қабілетін және логикалық ойлауын дамыту. Оқушылармен түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізу. Ойын сабақ. Баланың зейінін дамыту. Даму мүмкіндігі шектеулі оқушылар. Оқушылардың ішкі жан дүниесін ашуға және өзін еркін сезіне алуға үйрету.



5.Әлеуметтік – диспетчерлік қызмет


Әлеуметтік жағдайы төмен, толық емес, ішімдікке салынған, қамқоршылыққа бала алған, мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасылармен жұмыс. Мәлімет жинау, әлеуметтік жағдайын анықтау, қажетіне сай психологиялық кеңес беру. Бала құқығын қорғау мекемесімен байланыс жасау, отбасы жағдайымен танысу, психологиялық қолдау корсету, Сынып сабақтарына қатысып, баланың жеке қасиетін талдау. Арнайы топ. Мүмкіндігі шектеулі оқушылармен (үйден оқитын) жеке психологиялық жұмыс жасау. Танымдық қабілеттерін арттыру.




Орта буынға өткен оқушыларды психодиагностикалық бағдар бойынша зерттеу мақсатында, 5 сынып оқушыларының ортаңғы сатыға бейімделуін анықтау, мектеп мотивациясын тексеруге арналған әдістеме авторы: Н.Г.Лусканова. Оқушыларға «Мектепте маған не ұнайды?», «Отбасы» тақырыптарында сурет салу тапсырылып 5 сынып оқушыларына жүргізілді. Оқушылардың қабілетінің деңгейін және даму деңгейін анықтау(сөйлеу, есте сақтау, оқуға бейімділігін және т.б психикалық қасиеттерін) мақсатында педагогикалық психологиялық консилиум жүргізілуде.



Жасөспірімдердің төмен, орташа, жоғары көрсеткіш бойынша қобалжу деңгейін анықтау мақсатында гугл форма арқылы 8-10 сынып оқушыларына «Спилберг-Ханин әдістемесі» өткізілді. Зиянды әдеттердің адам ағзасына зиян келетінін түсіндіру, оқушыларды сақтандыру мақсатында 9-10 сынып оқушыларына «Зиянды әдеттер» гугл форма арқылы сұрақ-жауап жүргізілді.



Оқушылардың стресске төзімділігін анықтау мақсатында 7-10 сынып оқушыларына «Э. Ховард бойынша стресске төзімділік». Стресс саған қалай әсер етеді ? » сауалнамасы, Стресс және дағдарыс, Сендерде стресс сезімі барма?, дағдарыс деген не? Әңгіме сағаттары өткізілді. 5-10 сынып оқушыларына Буллинг деген не?, Буллингтің қандай түрлері бар?, Кибербуллинг түрлері, «Кибербуллингтен сақтанайық!» тақырыптарында видеоролик (bilim foundation) көрсетіліп, әңгіме-сағаты өткізіліп, оқушылармен кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Қыз баланың тәрбиесі туралы әңгіме жүргізу мақсатында «Өзің және әлеммен үйлесімділік» қыздарға тән тазалығы туралы 9-10 сынып оқушыларына әңгіме сағаты өткізіліп, гугл формасы арқылы сұрақ-жауап алынды.



«Мамандықтың бәрі жақсы, қажеттісін таңдай біл» атты зуум платформасы арқылы мектептің әлеуметтік педагогімен бірлесе отырып , кеңес беру сағаты және өзіңнің кім екенің, қандай екенсің, кім бола алатының, кім болғың келетіні, кім болуы керек екенің және алға қойған мақсаттарыңды қалай іске асыру мақсатында «Сенің кәсіби ой ниетің» сауалнамасы жүргізілді.

Ата - ананың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, сондай - ақ жауапкершілігі мен белсенділігін арттыру мақсатында ата - аналарға « Балаға қашықтықтан оқуға бейімделуге қалай көмектесу керек?» атты жадныма таратылды. Әлеуметтік жағдайы төмен, толық емес, ішімдікке салынған, қамқоршылыққа бала алған, мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасылармен жұмыс жасау мақсатында мәлімет жинақтап, әлеуметтік жағдайын анықтап, қажетіне сай психологиялық кеңес беру жұмыстары жүргізіліп оқушылардың үйлерін аралау жұмыстары жүргізіліп, қашықтықтан оқыту кезінде сабаққа қатыспай отырған оқушылардың тізімі жасақталынып, үй жағдайын аралау бойынша актілер жасақталынды. Сабаққа не себепті қатыспай отырғандығы жөнінде оқушымен және ата-аналарымен түсініктеме жұмыстары жүргізілді.

Соның ішінде ерекше көңіл аударатын, тәртіп бұзуға бейім оқушылармен кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Мектеп бойынша дін жолында жүрген оқушылар және ата-аналары туралы мәлімет жинақталып есепке алынды.

Мектеп бойынша даму мүмкіндігі шектеулі оқушылар тізімін жасақтап, оқушылардың танымдық процесін анықтау, шығармашылық қабілетпен, зейін мен ойлауды дамыту, баланың зейінің дамыту, Заттарды тұтас ұғыну (қабылдау) деңгейін анықтау, қабылдау ерекшеліктерін дамыту, оқушылардың отбасындағы өзара қарым-қатынасы, мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында «Үй адам ағаш», «Отбасы суреті», «Ретімен белгіле» жаттығуы, «Шатасқан сызықтар», «Суреттерде не жетіспейді», «Не бейнеленген?» әдістемелері жүргізілді.





Ерекше білімді қажет ететін және инклюзивте оқитын оқушылармен ойлау, дамыту, түзете отырып дамыту мақсатында «Әріптерді дұрыс орналастыр», «Фигураларды орнына қой», «Қалып қойған әріптерді тап», «Есепте», «Расставить буквы по порядку», дидактическое упражнение «Кто(что) с чем?», «Подбери определения» тағы да басқа жаттығулар жүргізілді. Заттарды тұтас ұғыну (қабылдау) деңгейін анықтау мақсатында «Не жоғалды» әдістемелері жүргізілді.



2 желтоқсан күні 8-10 сынып оқушыларының арасында «Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын?» сауалнамасы өткізілді. Мақсаты: оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса

оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету. Зорлық – зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.


11 желтоқсан күні 9-10 сынып қыз балалар арасында «Қыз бала ұлттың ұяты халықтың шырайы» атты кеңес беру сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты оқушыларды халықтық тәлім-тәрбие негізінде қазіргі қазақ қыздарының бойында жан сұлулығын қалыптастыру жолдарын көрсете отырып сыпайылыққа, қыздарды сыйлауға, әсемділікке, сұлулыққа құштарлығын арттыру мақсатында көпшілік алдында өзін-өзі ұстай білуге, мейірімділікке тәрбиелеуге, шығармашылық ойын, тіл байлығын, сөздік қорын дамыту, аналарға деген сүйіспеншілігімен құштарлығын одан әрі дамыту болатын. Оқушыларға алдымен ертегі оқытылып, мазмұнын ашу мақсатында «Ойланайық, пікірлесейік» атты сұрақтар қойылып, оқушылар өз ойларымен бөлісті. Кейін оқушылардан ауызша сауалнамалар алынып, өз ойларын ортаға сала қазіргі қазақ қыздары туралы өз ойларын ашық айтып көрсетті. Сонымен қатар қызға қырық үйден тыю дегенді қалай түсінесің? сұрақтарына жауап берді. Жағдаяттарды талдау бойынша оқушылар жағдаяттан шығу жолын айта, түсіндіре кетті.

Қыз балаларға өткізілген «Қыз бала ұлттың ұяты халықтың шырайы» атты кеңес беру сабағына оқушылар белсене араласа, түсіндірілді. Сонымен қатар қыз балаларға тазалық, инабаттылық, имандылыққа тәрбиелеу мақсатында қыз балаларға «Қазақ қызы қандай болу керек...» Видеоролик көрсету мақсатында видео материалдар жіберілді.





Оқушылардың мамандық таңдаудағы дайындықтарын және кәсіби деңгейін, типін, қызығушылығын анықтау мақсатында 9-10 сынып оқушыларына (Гугл форма) арқылы Сенің кәсіби ой - ниетің? сауалнамасы жүргізілді. Балалар мен жеткіншектердің өздерінің құқықтары мен Бала құқықтары жөніндегі Конвенцияның негізгі ережелері жөніндегі хабардарлық деңгейін анықтау мақсатында 5-10 сыныптар арасында «Өз құқығыңды білесіңба?» сауалнамасы жүргізілді. Оқушылардың өмірге көзқарастарын білу мақсатында 7 ә сынып оқушыларына «Мен үшін өмір...» тақырыбында эссе жазылды.



Қаңтар айында жүргізілген жұмыстар:

8 қаңтар күні 9 «А,Ә,Б», 10 «А,Ә» сынып оқушыларына екі мүмкіндіктің біреуін таңдау арқылы неге қабілеті, бейімі немесе шамасы келетінін анықтау мақсатында А.Е Климов әдісі «Мен қаладым»саралаушы-диагностикалық сауалнама өткізілді. 9 ақпан күні мектеп әкімшілігіне «Көшбасшы болу оңай ма?» әдістемесі жүргізіліп, зерттелінушінің өзгелерді басқаруға икемділігін анықтау мақсатында өткізілген болатын.

15 ақпан күні мектеп психологы Канжигитова А.А. ұйымдастыруымен, 9 «А,Ә,Б» сынып оқушыларына «Мамандықтың бәрі жақсы, қажеттісін таңдай біл» атты тренингтік сабақ өткізілді. Оқушыларға өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарастарын дамыту, алда мамандық таңдауда дұрыс бағдар беру мақсатында жүргізілді. Оқушыларға алдымен «Көңіл күй» жаттығуы жүргізіліп, оқушылар өздерінің бүгінгі көңіл-күйлерін стикерге түсіріп, тақтаға жапсыру тапсырылды. Оқушылар өз көңіл күйлерімен бөлісе, смайликтермен белгілеп тақтаға жабыстырылды. Оқушыларға мамандық таңдаудағы қиындықтар мен қателіктер, мамандық таңдау барысында отбасы, мұғалім, қабілеті, беделі, сыртқы бейнесінің сырттай ұнауы, экономикалық, тәжірибенің болуы, оқиғаның әсер етуі, досымен бірге, оқудың немесе жұмыстың жақын жерде тағы да басқа факторлары атап көрсетілді. Келесі оқушыларға «Мамандықтар тізбегі» ойыны ойнатылды. Ойынның шарты бойынша шеңбер жасап, мамандықтар тізбегін құру. Оқушылар мамандық аттарын айту арқылы жарысты. Қай оқушы кідіріп қалса сол оқушы ойыннан шығады. Ең соңғы қалған оқушыға бір мамандықты айтылып, оқушы осы мамандықпен қатысы, байланысы, ұқсастығы бар мамандықты атап, олардың байланысын, ұқсастығын ажырата білуі керек болатын. Оқушылар ойынға белсене араласып, ойыннан Серік Аружан жеңіске жетті. Келесі оқушыларға “Қол- мидың жалғасы” жаттығуы ойыны жүргізілді. Ойынның шарты бойынша саусақтарымызды кеңірек ашып, ақ параққа алақанымызды түсіріп, бас бармақпен шынашақтың ортасын О нүктесімен белгілеп, әрбір саусаққа түзу сызық жүргізу, кейін О нүктесін білезіктің оң жақ, сол жақтарын да қамти отырып, жүргізілген сызба бөліктерін сызғышпен өлшеп шығару керек болатын. Оқушылар ойынның қорытындысы бойынша қай саусағына сызық үлкен болғандығын, қандай мамандық сәйкес келетіндігін оқып, танысты. Келесі оқушыларға ситуациялық сұрақ қойылып оқушылар өз пікірін ортаға сала, өз таңдауларын айтты. Кейін оқушыларға «Ең-ең...» ойыны ойнатылып, ең жасыл мамандықтар, ең ақшалы мамандықтар, ең таза мамандықтар, ең көңілді мамандықтар, ең тәтті мамандықтар атты оқушыларға сұрақтар қойылып, оқушылардың қаншалықты мамандық түрлерін білетіндіктерін байқадық. Оқушыларға квадрат, зигзаг, шеңбер, үшбұрыш фигуралары ұсынылып, таңдау арқылы оқушылардың түрлі қасиеттеріне қарап, сәйкес мамандықтар айтылды. Мамандық таңдау барысындағы «Өз болашағыңды анықтауда мынадай ережелерді ұстан:» атты ережелер айтылып, түсіндірілді. Сабақ соңында оқушыларға екі мүмкіндіктің біреуін таңдау арқылы неге қабілеті, бейімі немесе шамасы келетінін анықтау мақсатында А.Е Климов әдісі «Мен қаладым»саралаушы-диагностикалық сауалнамасының қорытындысы оқылды. Оқушылар бүгінгі сабақтың қорытындысы бойынша өз кері байланыстарын айтып, бүгінгі сабақтан алаған әсерлерімен бөлісті.



Ақпан айында жүргізілген жұмыстар:

Оқушылармен ақпан айында жұмыстар бойынша жоспарға сәйкес «Алкогольдің адам организміне зияны» тақырыбында 13 ақпан күні мектеп психологы Канжигитова А.А. тәрбие ісінің меңгерушісі Уналбаева Ж.Б. ұйымдастырылуымен, 9 «А,Ә,Б» сынып оқушыларына «Алкогольдің адам организміне зияны» атты түсіндірме сабағы өткізілді. Оқушыларға кәмелеттік жасқа толмаған оқушыларға алкогольді спирт пайдалануға болмайтындығы, оның адам организміне қаншалықты зиян екендігі айтылып түсіндірілді. Сонымен қатар алкоголь –қосындыларды ашытудан алынатын есірткі екендігі, ол шарапта, сырада болатын масаңдататын элементтен тұратындығы түсіндірілді. Алкоголь — ес ауыстыратын зат деген мағына береді. Кейде алкоголь-рахаттану орталығы дегенді білдіреді. Алкоголь ағзаға қуат беретіні сөзсіз. Жүйке жүйелерін қоздыратын жасанды зат. Алкоголь миға бірнеше рет әсер етеді. Мида арнаулы түрде тұйық шеңбер құрылады. Қолайсыз сезімдер пайда болады. Адам неше түрлі ойға батып, әр түрлі ауыр қылмыстар жасайды. Алкоголизм себептері, алкоголизмнің дамуының үрдісін Х.Қ.Сәтбаева және т.б. үш кезеңі тағы да басқа тақырыптарда кеңірек айтылып, түсіндірілді. Оқушылар өз ойларын ортаға сала, белсене араласты.






7,8,9,10 сынып оқушыларының ата-аналарына жасөспірімдермен жұмыс үшін арналған арнайы жадынама мессенджерлер арқылы таратылды. Бұнда арнайы 10 түрлі тақырыпқа арналған тәрбие бойынша жадынамалар бар.

Бұл жадынамада қозғалған тақырыптар:

- Жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне байланысты қызығушылығының өзгеруі;
- Ата-ана мен оқушы арасындағы өзара түсіністік;
- Ата-ананың оқушының саулығы үшін жасайтын бірнеше лайфхактар;
- Ата-ананың оқушыға арнайтын уақыты;
- Ата-анамен оқушының бос уақытын тиімді өткізуі;
- Ата-ана мен оқушылардың сөйлеуі арасындағы субординацияның сақталуы.
- Жасөспірімдердің психологиялық проблемалары;
- Ата-ананың жасөспірімдермен жұмыс жасауды қателіктре жібермеуі.

«Ұстаз бен ата-ана арасындағы қарым – қатынасты анықтау» сауалнамасы жүргізілді. Мақсаты жеке тұлғаның оқу-тәрбиеге жауапкершілігін арттыра отырып, мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты анықтау. 9 «А,Ә,Б» сынып оқушыларына оқушылардың тұлғалық типтерін анықтау мақсатында 27 ақпан айында кәсіби-тұлғалық типті бағалау мен тұлғаның әлеуметтік бағытын анықтау (Джон Голланд) сауалнамасы өткізілді. 8а,ә 9а,ә,б, 10 а,ә - сынып оқушыларына дінге көзқарасын анықтау мақсатында жоспарға сәйкес сауалнамасы жүргізілді. 16 ақпан күні «Жануарлар мектебі» жобалау әдістемесі өткізілді. Мақсаты: Оқу әрекетінде және сыныптастарымен, мұғалімдерімен қарым – қатынасында туындаған қиындықтарды анықтау, қызығушылығын, ой- өрісін, тұрақтылығын дамыту, балаларды өзара жақсы қарым- қатынас жасай білуге тәрбиелеу. Оқушылармен бірге сиқырлы орманға қызықты саяхат жасаймыз. Ыңғайлы отырыңыздар, денелеріңізді бос ұстаңыздар, көздеріңді жұмыңдар. Ашық күнді орманды алқапта жүрміз деп елестетіңдер. Басымызға жапырақтар, аяғымызға

жұмсақ шөптер шайқалып тиеді. Алқапта сендер «Жануарлар мектебі» деген жазуды көрдіңдер. Айналаға қараңдар! Қандай жануарлар бұл мектепте оқиды екен? Ал қандай жануар мұғалім? Сендер қандай сезімде болдыңдар? Осы сезімді ары қарай дамытыңдар. Мен онға дейін санағанша сендер біраз уақыт осы «Жануарлар мектебінде» болдыңдар. 18қаңтар күні 5-10 сынып оқушылары арасында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Уналбаева Ж.Б. мектеп психологы Канжигитова А.А, мектеп инспекторы Ә.Саматұлының қатысуымен ҚР Білім және ғылым министрлінің 2020 жылғы 31 желтоқсанындағы №569 бұйрығымен бекітілген «Кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерін анықтау және олармен жұмыс істеу бойынша ведомствааралық өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығы бойынша ZOOM платформасымен «Зорлық-зомбылық әлімжеттіктің алдын -алу бойынша оқушыларға кеңес» атты түсіндірме жұмысы өткізілді. Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқық мәдениеті, бала құқықтары туралы конвенцияның негізгі ережелері туралы білім деңгейін арттыру, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында оқушыларға әлемде қазіргі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырған –жасөспірімдердің, балалардың зорлық – зомбылыққа ұшырауы, барлық балалар үйінде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде күнделікті қатыгездікпен және зорлық – зомбылықпен ұшырасып отырадығы жөнінде айтылды. Сонымен қатар оқушылардың болашақта қандай азамат болуың мектепте, отбасында, қоршаған ортада алған тәрбиелеріне байланысты екендігі, балалар да, ересектер сияқты сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттық абыройын сақтау құқықтарына ие, сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы мен Азаматтық саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы көзделген заң тарапынан да тең қорғау көрсетілуіне құқылы екендіктері жөнінде анық түсіндіріліп жеткізілді. Көшеде түнгі беймезгіл уақытта қалмауға тырысу, көшеде танымайтын адамдармен әңгімелеспеу және онымен қараңғы жерлерге, адамдар жоқ орындарға және т.б. жерлерге бармау. Егер саған тұрмыстық зорлық – зомбылық қауіп төндірсе, үйден кетіп қалуға тырысу, ертерек қашып кетуге сөмкенді дайындау, тиісті құжаттарыңмен бірге, көрші – көлемдеріңмен сөйлесу, айқай – шу шығарылғанда келу және полицияға хабарлау. Қауіп-қатерді азайту, зейінді болу, сақтық шараларын сақтау, қауіпті жағдайлардың алдын алуға үйрену керек, ондай жағдайларды сендер дала немесе үйде де кездестірулерің мүмкін. Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек. Бөтен біреудің машинасына отырмау керек. Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүру сияқты «Қалай зорлық – зомбылыққа душар болмау керек?» туралы оқушыларға ақпараттандырылды. «Әлімжеттік буллинг дегеніміз не?», «Егер әлімжеттіктің құрбаны болсаң не істеуің керек?», «Егер біреудің әлімжеттік жасағанын көрсең не істеу керек?» тақырыптарында оқушыларға толығырақ түсіндіріліп жеткізілді.



Наурыз айында жүргізілген жұмыстар:

3 наурыз күні оқушылардың оқу процесіне қызығушылығын, 5 сыныпқа бейімділігін анықтау мақсатында оқу мотивациясын тексеруге арналған” сауалнама өткізілді.

Ата-аналардың үй аралау сәтінен мектеп психологы Канжигитова А.А, сынып жетекші Бисенова З.С. 9 Б сыныбының оқушысы Тілепбергенова Мөлдірдің үйіне бардық. Барған себебіміз, аталынған оқушы бірнеше күннен бері онлайн форматтағы сабаққа қатынаспай жүр және анасы сынып жетекшісінің телефонына жауап бермейді. Үйіне барған кезде Мөлдір ұйқтап жатқан болып шықты. Есіктің алдында атасы отырды. Сол кісіден сұрап үйге кірдік. Мөлдірге келген себебіміз түсіндіріліп, кейін түсіндірме жұмысы жүргізілді. Анасы оқушының не себепті сабақтан қалғанын білмейтіндігін айтты, себебі өзі күнде таңертеңнен кешке дейін жұмыста. Сынып жетекшісі оқушының анасына оффлайн форматта білім алу жүйесіне көшуді ұсынды. Барғандығымыз жөнінде Акт толтырылды.

10 наурыз күні 7-8 сынып оқушылары арасында «Правда о СПИДе» атты түсіндірме сағаты өткізілді. Өткізілудегі мақсаты оқушыларға әлемді алаңдатып отырған нашақорлық, СПИД, арақ, темекі сияқты зиянды әрекеттердің белең алып бара жатқандығын ескерте отырып, оны болдырмаудың алдын – алуға тәрбиелеу. Оларды жаман әдеттерден сақтандыру. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру. Оқушыларға ЖИТС-тің жұғу көздері және жұғу жолдары және де ЖИТС вирусы сау адамға жұғу жолдары, Қазақстанда ЖИТС-пен күресу жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде оқушыларға толығырақ түсіндірілді.



Ерекше білім беретін, үйден оқитын қажеттілігі бар балалар деп даму ерекшеліктеріне, мінез-құлық және эмоциялық проблемалары, орталық факторларына байланысты оқушылармен жұмыс жүргізілді.





Сәуір айында жүргізілген жұмыстар:

Қалалық білім бөлімі Облыстық Білім беру басқармасының 2021 жылдың 09 сәуірдегі №15-4-8/1213 санды хатына сәйкес құмар ойындарға тәуелділіктен зардап шегетін кәмелетке толмағандарға әлеуметтік қолдау және оңалту көмегін көрсету есебін жүргізу мақсатында 14-15 сәуір күндері 5-7 сынып оқушылары аралығында Google формы арқылы жасырын түрде «Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтауға арналған сұрақнамасы» және 8-10 сынып аралығындағы оқушыларға «Чен шкаласы» сауалнамалары жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша 5-7 сынып оқушылары аралығында 112 оқушы, 8-10 сынып аралығында 54 оқушы сауалнамаға қатынасты. «Чен шкаласы» сауалнамасы қорытындысы бойынша жоғары сынып оқушылары арасынан 17 оқушы интернетке тәуелділік шкаласы I (төмен) деңгейді көрсетіп отырса, қалған 37 оқушылар II (орташа) деңгейді көрсетіп отыр. «Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтауға арналған сұрақнамасы» бойынша оқушылардан «өте төмен», «төмен» деген деңгейлерді көрсетіп отыр. Мектеп оқушылары арасынан ғаламторға және интернетке тәуелділігі III (жоғары) деңгейді көрсетіп отырған оқушылар жоқ. Жалпы мектеп оқушыларына интернеттің, автоматты ойындардың зиян екенін айтып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мамыр айында жүргізілген жұмыстар:

Қалалық білім бөлімі Облыстық Білім беру басқармасының 2021 жылдың 09 сәуірдегі №15-4-8/1213 санды хатына сәйкес құмар ойындарға тәуелділіктен зардап шегетін кәмелетке толмағандарға әлеуметтік қолдау және оңалту көмегін көрсету есебін жүргізу мақсатында 14-15 сәуір күндері 5-7 сынып оқушылары аралығында Google формы арқылы жасырын түрде «Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтауға арналған сұрақнамасы» және 8-10 сынып аралығындағы оқушыларға «Чен шкаласы» сауалнамалары жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша 5-7 сынып оқушылары аралығында 112 оқушы, 8-10 сынып аралығында 54 оқушы сауалнамаға қатынасты. «Чен шкаласы» сауалнамасы қорытындысы бойынша жоғары сынып оқушылары арасынан 17 оқушы интернетке тәуелділік шкаласы I (төмен) деңгейді көрсетіп отырса, қалған 37 оқушылар II (орташа) деңгейді көрсетіп отыр. «Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтауға арналған сұрақнамасы» бойынша оқушылардан «өте төмен», «төмен» деген деңгейлерді көрсетіп отыр. Мектеп оқушылары арасынан ғаламторға және интернетке тәуелділігі III (жоғары) деңгейді көрсетіп отырған оқушылар жоқ. Жалпы мектеп оқушыларына интернеттің, автоматты ойындардың зиян екенін айтып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



5 сәуір күні 9 «А,Ә,Б» сынып оқушыларына өз көңіл-күйін игере білуге және басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу мақсатында «Жайнап жүру жаныңызға жақсы» тақырыбында тренинг жүргізілді. Сабақтың ұйымдастыру кезеңінде оқушылармен сәлемдесу үшін дәстүрден тыс амандасудың түрлерін көрсетіп, бүгінгі тренингтің ережелерімен таныстырылды. Оқушылар амандасып болғаннан кейін «Мен сенімен қарым-қатынас жасауға қуаныштымын» атты жаттығу жүргізілді. Оқушылардан «Жақсы көңіл-күй сыйлау», «Жақсы қарым-қатынаста болу» дегенді қалай түсінесің? сұрақтары қойылып оқушылар өз ойларымен бөлісіп, ашық айта кетті. Келесі оқушыларға «Менің көңіл-күйім» жаттығуы жүргізілді. Нұсқау бойынша оқушылар қазіргі өздерінің көңіл-күйлерін түрлі табиғат құбылыстарымен бейнелей отырып, тақтаның алдына шығып таныстырып, ілу болатын. Оқушылар өз күйлерімен таныстыра түрлі тамаша, керемет, көңілді, тұрақты, орташа, жақсы деген жауаптар берді. Оқушылардың сенімділікті арттыру, бір-біріне қолдау көрсетуге баулу, ұжым арасындағы көшбасшыны анықтау мақсатында «Лабиринт» жаттығуы жүргізілді. Нұсқау бойынша матаға маркермен бұрылыстары көп жолдар салынады, яғни лабиринт және көрсетілген жолмен жүретін кез келген шағын дөңгелекше қажет. Топ матаны керіп қолдарымен ұстап тұрады. Белгі бергеннен кейін мата үстіндегі шағын дөңгелекшені керілген матаның көмегімен жылжытып барлық жолдардан өтіп шығады. Ойын кезінде сөйлеуге болмайды. Сөйлеген жағдайда немесе дөңгелекше жолдардан шығып кеткен жағдайда жаттығуды қайта бастайды. Жаттығу біткеннен кейін оқушылардан өз ойларын, пікірлері сұралып, көшбасшы оқушы Ислам анықталды. Келесі «Автопортрет» жаттығуы өткізілді. Жаттығудың мақсаты оқушылардың өзін-өзі тану мақсатында жүргізілген болатын. Оқушылардан көпшіліктен өзіңізді ерекшелендіріп тұратын белгілеріңізді табыңыз. Бет-әлпетіңізді, жүрісіңізді, сөйлеу мәнеріңізді, киім киісіңізді, зейінді аударарлықтай ым-ишараларыңыз болса т.б 3 сөзбен 2 минут ішінде өзін сипаттап жазу тапсырылды. Оқушылар өз-өздерін түрлі жақтарымен, қасиеттерімен ашыла өз сөздерін жазып шықты. Оқушылардан қағаздары жиналып алынып, әр оқушыны ерекшеліктерімен оқыған кезде оқушылар сынап арасында өздерін жақсы тани алатындығы байқалды. Келесі жаттығу «Сыр сандық» болды. Оқушыларға ортадағы сыр сандықтан 10 аяқталмаған сөйлемдер ұсынылып, оқушылар өз еркілерімен сыр сандықтан сөйлемдерді тандай отырып, өз сөздерімен жалғастыра айтып шықты. Оқушыларға кейін «Достық алақаны» жаттығуы жүргізілді. Әр оқушы өз алақанын берілген қағазға түрлі-түсті маркермен салып, астына атын жазады да, орындықтарына қойып, қасындағы оқушының қағазына, яғни алақанның ішіне сол оқушыдан байқаған жақсы мінезін, қасиетін, тілегін жазып шеңбер бойынша жазып шығулары керек болатын. (Өз алақанына келгенше). Оқушылар жылдамдық танытып, өз сыныптастары туралы пікірлерімен бөлісе, кезектесе жазып шықты. Сабақ соңында жүректен – жүрекке «Күн» жаттығуы жүргізіліп, оқушылар бір-бірлеріне жылы тілектерін білдірді. Өткізілген тренингке оқушылар белсенді қатынасты. Оқушылар өздерін жаңа қырларынан таныта, ашылып өз ойларын айта білді.

Оқушылардың жыныстық тәрбиесі және білімдерін анықтау мақсатында «Жеткіншіктердің ерте бастан жыныстық қатынасқа баруына не әсер етіп отыр? Кейздейсоқ жүктіліктің алдын алу үшін не істеуіміз керек?» тақырыбында жоғары сынып қыз балаларына сауалнама жүргізіліп қорытынды шығарылды.




5 сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық диагностикасын анықтау, олардың кіші буыннан орта буынға көшуге бейімділігін бағалау бойынша сауалнама жүргізіліп оқушылар өздерінің ұнатқан пәндері, қиналып түсіне алмай жүрген пәндері, өздеріне ұнайтын мұғалім, 5 сыныпта кездескен қиындықтары және тағы да басқа сұрақтар қойылып, оқушылар өз ойларын ашық айта кетті. Нәтижесінде 5 сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық диагностикасын анықтау, олардың кіші буыннан орта буынға көшуге бейімділігін бақылау барысында оқушыларға математика сабағы қызықты өтетіндігін, бірақ кей есептерден қиналатындығы анықталды. Сонымен қатар оқушыларға онлайн сабақ оқыту жарты оқушыларға ұнамайтындығы көрсетілді.

18 сәуір күні 9-10 сынып оқушыларына «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 490 және 453 баптары» айтылып түсіндірілген болатын. Соның ішінде оқушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында діни жораларды, рәсімдерді және жиналыстарды өткізуге белгіленген талаптарды бұзуға, діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де материалдарды Жергілікті атқарушы органның рұқсатынсыз таратуға, әлеуметтік желіде діни араздықты қоздыруға, экстремизмді немесе терроризмді насихаттауға бағытталған материалдары таратуға болмайтындығы және тағыда басқа мәселелер жөнінде талқыланып, түсіндірілді. Сонымен қатар Қазақстан

Республикасында тойланатын мерекелер (мемлекеттік, дәстүрлі- ұлттық, кәсіби, діни) жөнінде түсіндірілді. Мектеп бітіріп оқу орындарына түскелі отырған оқушыларға да Дін Істер басқармасының әлеуметтік мемлекеттік нұсқауымен Қазақстандағы діни оқу орындары туралы айтылып, таныстырылып, брошюралар таратылды.



14 мамыр күні «ZOOM» платформасы арқылы 5-8 сынып бойынша , ата-аналары және 5-10 сынып ата-аналары, мектеп әкімшілігі, «Шапағат орталығы» корпоративтік қорының Дінтанушы, Тарихшы және теолог маманы Жаулин Ербол және мектеп психологы Канжигитова Айгүл , сынып жетекшілері қатысуымен «Жас өспірімдерге зорлық-зомбылық, жыныстық тиіспеушілік, құқықбұзушылықтың алдын-ау бойынша, діни экстремизмнің алдын-алу бойынша, нашарлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес туралы, интернетке тәуелділік туралы, жазғы демалыс кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігі туралы ,ата-аналармен профилактикалық жұмыстар» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналыс өтті. Жиналыстағы күн тәртібіндегі мәселер: Діни экстремизмнің алдын-алу бойынша (ҚР ӘҚБтК-нің 453, 490 баптар туралы) Жас өспірімдерге зорлық-зомбылық, жыныстық тиіспеушілік, құқықбұзушылықтың алдын-ау бойынша, Жасөспірімдердің интернетке тәуелділігі туралы, Әр түрлі мәселелер (жазғы демалыс кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігі туралы)



Мектеп директоры:

Б.Гапуова

Мектеп психологтары:

А.Канжигитова

Ж.Доновна

Ғани Мұратбаев атындағы орта мектеп

**2020-2021 оқу жылындағы мектеп психологтарының
жылдық жұмыс жоспарының есебі**

Атырау қаласы